



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 61 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2014 жылғы 28 тамыз**

2014 жылғы 26 тамызда Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Қазақстан Республикасының қаржы нарығын дамыту келешегі» тақырыбына Дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстелдің жұмысына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының өкілдері, сондай-ақ Қазақстан қаржы нарығына қатысушылардың ауқымды тобы қатысты. Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Данияр Талғатұлы Ақышев Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің атынан негізгі спикер әрі баяндамашы болды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының атынан Басқарма Төрағасының орынбасары Рахым Сәкенұлы Ошақбаев құттықтау сөз сөйледі.

Дөңгелек үстелді өткізу мақсаты қаржы нарықтары және мемлекеттің нарықпен сындарлы сұхбатын құру бөлігінде ықпалдасу үдерістерінің шеңберіндегі мәселелер бойынша сезімтал мәселелерді кеңінен баяндау, сондай-ақ жан-жақты талқылау және тиімді шешімдерді іздестіру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Дөңгелек үстелдің барлық қатысушыларына Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт бойынша келіссөздер процестеріндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұстанымын, қаржы нарықтары бөлігіндегі оның іргелі ережелерін, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ықпалдасу үдерістерінің келешегін, мүмкіндіктерін, бағыттары мен мақсаттарын, оның ішінде Қазақстан Республикасы үшін ағымдағы заңнамаға сәйкес келетін және ЕАЭО елдерінің қаржы нарықтарында реттеуші талаптарды алдын ала теңестіру талабымен алынуға болжанатын үзінділерді (ЕАЭО-ға қатысушы мемлекеттердің қаржылық қызметтерін жеткізушілердің қол жетімділігі үшін кедергілерді) сақтауға қатысты ақпаратты жіберді.

Қаржы нарығының қатысушыларына ЕАЭО туралы шарттың нормаларына (103-бап) сәйкес мүше мемлекеттер 2025 жылға қарай Қаржы нарықтарындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптар туралы келісімнің жобасына сәйкес қаржы нарығы саласындағы өз заңнамасын

үйлестіруді жүзеге асыратыны туралы ақпарат жеткізілді, ол жоба үйлестірудің кезең-кезеңімен жүргізілуін көздейді.

Сонымен қатар банк саласындағы, сақтандыру саласындағы және бағалы қағаздар нарығындағы ағымдағы ахуалды Беларусь Республикасындағы және Ресей Федерациясындағы ахуалмен талдауға қатысты Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы кеңесі Төрағасының кеңесшісі Мәулен Амангелдіұлы Өтеғұловтың ақпараты тыңдалды.

Іс-шараға қатысушылар талқыланған мәселелердің өзектілігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы және қаржы нарығының өкілдері арасындағы ықпалдасу үдерістеріне белсенді әрі тиімді қатысу үшін, келіссөздер процесінде нақты әрі дәлелді саясатты тұжырымдау мақсатында ұлттық қаржы нарығын одан әрі дамыту келешегін талқылауда белсенді сұхбат құрудың орындылығы туралы бірыңғай пікірде болды.

*Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: +7 (727) 2 704 639;
2 704 585; 3 302 497*

E-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz)